ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
«ҚАРМАҚШЫ ЖАСТАРЫ»
ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ
БИН 050240014431

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
КАЗАЛИНСКИЙ РАЙОН
«КАРМАКШЫ ЖАСТАРЫ»
МОЛОДЕЖНОЕ ОБЩЕСТВЕННОЕ
ОБЪЕДИНЕНИЕ

120400, Әйтеке би кенті, Бостандық көшесі № 1 үй
факс: 8 778 634 79 93 e-mail: zhenkuzhayev@mail.ru

120400, Әйтеке би кенті, Бостандық көшесі № 1 үй
факс: 8 778 634 79 93 e-mail: zhenkuzhayev@mail.ru

01.12.2025 № 01/52

"Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-нің басшысына

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жарияланған **«Жыл қорытындысы бойынша спорттық марапаттар»** жобасының хаттамалық шешіміне келіспеймін.
Себебі: 1. **"TURAQTY DAMU" ЖҚБ –** нің спорт саласында жұмыс тәжірибесі ***(2023-2024 жылдар)*** бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшаға сәйкес, *сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі* **5 балл** – деп көрсетілген. Ал, хаттамада берілген 6 балл негізссіз берілген.

2. Біліктілік бойынша **"TURAQTY DAMU" ЖҚБ –** не берілген **4 балл** негізсіз**,** бағалау өлшемшарттарында **Мамандардың еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады және жұмысшылар өздерінің заңды ЭЦҚ арқылы растап қол қоюы керек деп анық көрсетілген,** алайда аталған әлуетті өнім берушіде бұл талаптар мүлде орындалмаған, бұл жерде құжаттары салынған тұлғалар күмәнді, қайдан алды, кім берді белгісіз, келісімшарттар жасалмаған, бұйрық шықпаған, міндетті аударымдар жасалмаған және де Нұртаза есімді маман деп салынған құжаттар келесі әлеутті өнім беруші **"JYLY JYREK GROUP" Қоғамдық Қорының құжаттарының арасында тұр, Бұл жерде таныстық, сыбайластық болуы мүмкін деген күмәнді жағдайлар бар.**

Біздің, яғни «Қармақшы жастары» ЖҚБ-нің Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның келесі бөлімдерді қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі.Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген); Жобаның мақсаттары мен міндеттері;Жобаны іске асыру әдістері; Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысандары, өткізу орны мен мерзімдері);Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу; Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру процесінде қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік әсер); Сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс индикаторларының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелердің болуы. бағалау өлшемшарттарын толық орындап тиісті құжаттарды салған болатынбыз, алайда сіздер басқа өңірдің әлеуетті өнім берушісі және таныс емес деп

біздің салған құжаттарымызды жоққа шығарып **0 балл негізссіз берілді. Біздің жасаған жұмысымыздың әділ бағасын беруді 6 балл- сұраймын.**

Біліктілік бойынша төменде анық көрініп тұр бізде барлығы заңды жолмен жасалған, әр маман өзі заңды ЭЦҚ арқылы қол қойған бұл бойынша тиісті 4 балл беруді сұраймын.



Трудовые ресурсы

Номір	Қызметкер	Ұйым	Дата подтверждения трудовых ресурсов	Қолтаңба
1	ЖИЕНКУЖАЕВ ДАУРЕНБЕК АЛМАТОВИЧ	"Қармақшы Жастары" ЖҚБ	2025-11-23 18:47:14	Жасау
2	БИСЕНОВ РОМАН ЖАДИГЕРОВИЧ	"Қармақшы Жастары" ЖҚБ	2025-11-23 18:46:43	Жасау

Қолтаңба иесі	Ұйым	Қолтаңба	Жасау күні	Жария кілт
Жиенкужаев Дауренбек Алматович	"Қармақшы Жастары" ЖҚБ	2025-11-23 18:47:14	Қолтаңба	Ашық кілт
Бисенов Роман Жадигерович	"Қармақшы Жастары" ЖҚБ	2025-11-23 18:46:43	Қолтаңба	Ашық кілт

"JYLY JYREK GROUP" Қоғамдық Қоры- осы уақытқа дейінгі жасаған жұмыстарының есебін ұсынбаған алайда 2 балл қойған. Бұл жерде 0 балл болу керек.



ҚҰРМЕТТІ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ: Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстан құру жолында нақты қадамдар мен тапсырмалар берді. Біз үкіметтік емес ұйымдар мемлекет басшысының тапсырмасын қатаң сақтап, әділдік үшін күресеміз.

Осы орайда аталған кемшіліктерді қайта қарап, заң талаптарын толық орындауды, және таныстық пен туыстыққа бұрмаламауды сұраймын.

Біздің хаттамалық шешімге жасаған шағымымыз заңды талаптармен орындалмаса жоғары тұрған, ҰҚК – нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқармасына және сотқа жолдайтын боламыз.

БІРЛЕСТІК ТӨРАҒАСЫ ЭЦҚ арқылы қол қойылды Д. ЖИЕНКУЖАЕВ